

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Жетісай қаласы

21.08.2023 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізуге негіздеме: Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына; «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы № 21 бұйрығы негізінде; Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі-кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 13 маусымдағы №175-Ө бұйрығы.

2. Ішкі талдаудың объектісі:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Сраилов Ж.С.;

Кәсіподақ ұйымының төрағасы – Қалдыбаев М.Ж;

Кадрлар бөлімінің меңгерушісі – Боранбаева С.А.;

Колледж психологы – Амирова М.Е.;

«Саналы ұрпақ»кеңселік жобаның жетекшісі – Махметжан Н.Ж..

4.Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2022 және 2023 жыл аралығы.

5. Ішкі талдау қамтылған кезең:

2022-21.08.23 жылдар аралығы.

6.Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Бөлім басшылары мен қызметкерлер тарапынан ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеулер болмады.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі:

1. қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Талдамалық АНЫҚТАМА:

Жұмысқа қабылданған, шығарылған ауыстырылған қызметкерлер:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысымен **Ішкі талдау келесідей бағыттар бойынша жүргізілді.**

1) Бөлімнің қызметін реттейтін заңнамалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелер бойынша талдау объектісі қызметіндегі сыбайлас қауіптерін анықтау.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімнің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда «Жетісай жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК-да барлығы штат бойынша 134 қызметкер жұмыс жасайды.

2022 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны - 30 болса, оның ішінде - 7 педагог, 2-аула сыпырушы, 1 жұмысшы, 1 электрик, қосалқы оқытушы-3, зертханашы -5, еден жуушы -3, кір жуушы-1, вахтерша -2, ағаш ұстасы-2, бухгалтер-1, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер-1.

Жұмыстан босатылғандар саны 23 адам, оның ішінде: маусымдық жұмысқа қабылданған 6 от жағушылар, бала күтімі демалысында отырған 12, зейнет жасына жеткен 3, өз өтініштері бойынша жұмыстан босатылған. Босатылған бос орындар жайлы еңбек kz порталы арқылы электрондық келісім шарттары тоқтатылып бос жұмыс орындары жарияланған.

2023 жылдың 6 айында еңбек шарты бұзылғандар саны – 9, оның ішінде: оқу ісі жөніндегі директор орынбасары –1, бас есепші -1, зертханашы-2, оқытушы -1, басқа -4 .

Жұмысқа қабылданғандар-13. оның ішінде оқытушы-4, зертханашы-3, заңгер кеңесші-1, кітапханашы-2, жатақхана тәрбиешісі-1, басқа қызмет-2

Азаматтарды жұмысқа қабылдау еңбек kz порталы арқылы жүзеге асады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Орта буынды медицина қызметкерлерін іріктеу және жұмысқа қабылдау ҚР қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарымен автоматтандырылған «Jumys SmartNation» порталы арқылы жүзеге асырылады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру арқылы көрсетеді. Комиссия мүшелері тиісті баға бере отырып тиісті хаттамаға қол қойып бекітеді.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары: Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталған.

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында қызметкерлерді enbek.kz сайтына хабарландыру жариялап жолдама негізінде жұмысқа қабылданған.

Қызметкерлерді жұмыстан шығаруда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады. Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқық бұзушылықтар анықталмады. Жұмыс берушінің қызметкерлерге қолдау көрсету шаралары туралы (сыйақы, материалдық көмек және т.б.): Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 2022 жылы 1 рет сыйақы берілген 2023 жылы қаржы тапшылығына байланысты сыйақы берілмеген. Сыйақы мен материалдық көмек көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл Агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д.Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И хатына сәйкес, басшының орынбасарларының лауазымдық нұсқаулығында әкімшілік - шаруашылық және ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары енгізілген. Жұмыс берушінің бастамасымен шығарылған қызметкерлер туралы:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында есепті кезеңде тапсырыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу жағдайлары орын алмаған.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер туралы:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерінің біліктілік талаптарының сәйкес келуі бойынша:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында ішкі талдау барысында біліктілігі сәйкес келмейтін қызметкерлер анықталмады. Демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған қызметкерлер туралы. Қызметкерлерді тиісті ақы төленбей немесе демалыс уақыты берілмей

демалыс (мереке) күндері жұмысқа тартулар орын алмаған. Қызметкерлерді демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған сәттерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды. Бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желілерге орналастыру:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы өңірдегі денсаулық саласында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын алдын-алу басым бағыттарының бірі болып табылады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы және «InCraft» ЖШС бірлесіп облыс аумағында денсаулық сақтау қызметкерлерін (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде Jumys SmartNation порталы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралын ендіру 2023 жылдың екінші жартыжылдығынан толық іске асыру жоспарлануда. Осы жоба пилоттық режимде бірқатар медициналық кәсіпорындарда ендіріліп оң нәтижесін көрсетті. Jumys SmartNation порталында конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау 2 кезеңді қамтиды:

Медициналық мекеме бос орын туралы «enbek.kz» сайтына хабарландыру жариялайды, хабарландырудағы мекен жай бойынша үміткер өз құжаттарын Jumys SmartNation порталына жүктейді. Портал автоматты түрде құжаттар жүктелген соң тестілеу күнін белгілейді.

1 кезең: тестілеу - үміткердің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тесті өту мәресі 60% кем болмауы тиіс.

2 кезең: тесттен өткен үміткер әңгімелесу кезеңінде, тәжірбиелік дағдыларын көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл процесс жоғарғы бәсекелестікке ие орта буын медициналық қызметкерлерінің жұмысқа орналасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелін реттейтін бірде бір құралы болып табылады.

1. Мүдделер қақтығысын реттеу

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында мүдделер қақтығысы орындалмаған. Колледждің ведомстволық бағынысты ұйымдары жоқ.

2. Ұйымдастыру- басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының 22--бабы 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзіреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындалғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады. Талдау объектісі қызметкерлерінің

басқару функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар болып табылатын, оларға теңестірілген адамдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған. Талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған. Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер туралы жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-та шағымдары анықталмады.

2.2. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының әлеуметтік желілердегі парақшалары ашылғын (Instagram Facebook) сонымен қатар мекеменің сайты жұмас жасайды. Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қатысты жарияланымдар:

Колледжде қатысты резонанс туғызатын жарияланымдар анықталмады.

2.3 Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында жеке және заңды тұлғалардан өтініштер тіркелген және мерзіміне сәйкес жауаптары берілген. Ауызша немесе жазбаша шағымданған қызмет алушылар туралы: Колледжде қызметалушылардың ауызша өтініштері күнделікті жұмыс барысында шешімін тапқан.

2.4. Өзге мәселелер:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметінде қолданатын нормативтік актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар берілмеді.

Қорытынды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталмады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобы төмендегілерді ҰСЫНАДЫ:

Берілген санаттардың куәлігінің жоғалуына байланысты анықтама беру кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою. Педагог жоғалған куәлігін растап алу үшін колледж қызметкерінен қолма-қол анықтама алу барысында сөз байласып, мерзімінен бұрын анықтама алу барысында тәуекелдерге апару ықтимал. Іс әрекетті реттейтін арнайы нормативтік акті қабылданбаған.

Ұсыным: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында педагогтің санаты туралы мәліметтер жеке кабинетте сақталып, анықтама алу тоқтатылуы тиіс. Қазіргі таңда ата-аналар балаларына білім беру үшін жан-жаққа барып, құжаттарын тапсырып, шаршап жүргенде дөрекілік көрсетпей, барынша дұрыс жауап беріп, әділ бағалауды және тұл жетімдер мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан келген талапкерлердің жағдайына қарап, ережеге сай жұмыс істеуге және қабылдау комиссиясының мүшелері мәдениет сақтап, келген ата - аналармен сыпайы сөйлесіп

заң бұзушылыққа бармауды сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді, барынша өз міндеттерін дұрыс атқару қажет.

Ұсыным: Жетісай жоғары медицина колледжінің қабылдау комиссиясының мүшелері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді және оның алдын алу қадағалау қажет.

Колледж студенттерінің саббаққа уақытылы келуін және себепсіз саббаққа келмей қалуын бақылау мақсатында және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында (СКУД) электронды кіруді бақылау жүйесін орнату.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» № 596 бұйрығының 12-тармағы 4 тармақшасына сәйкес оқу процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға арналған шығыстарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7574 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаз жарақтандыру нормаларына сәйкес баспа және экранды - дыбыстық құралдарды, техникалық оқыту құралдарын, оқу- көрнекті құралдарын, демонстрациялық құралдарды, мектеп жиһазын, спорттық құрал-саймандар мен жабдықтарды, үлестіру және бақылау-өлшеу аспаптарын, музыкалық аспаптарды, көркемөнер материалдарын, оқушы керек - жарақтарын, қабырғаға ілінетін планшеттерді, үлестіру материалдарын, гербарийлерді, топтамаларды, нақпіншіндерді, онлайн сабақтар өткізу, және жобаларды визуалдау үшін бағдарламалық жасақтамаларды, әдістемелік қорды, сатып алу қаражаттары жанбасына шаққандағы шығында қаралған.

Ұсыныс: _____ 2023 жылдың соңына дейін Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы. мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына СКУД ақпараттық желісін қою.

3. Мемлекеттік сатып алу бойынша:

1) Кәсіпорының ЖШС "Стандарт ЛК" мен түзілген № 020140003566/220046/00 2022-05-24 келісім шартының соммасы 50 000 (елу мың) теңгеге «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3- тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортады жүргізілуге міндеттеледі.

2) Кәсіпорының ЖШС "КазПЦО "Astana-Gold" пен түзілген №020140003566/220040/00 2022-04-18 келісім шартының соммасы 50 000 (елу мың) теңгеге «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3- тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортады жүргізілуге міндеттеледі.

3) Кәсіпорының "ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры" қоғамдық қоры мен түзілген №020140003566/220039/00 2022-04-15 келісім шартының соммасы 25 000 теңгеге «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3- тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортады жүргізілуге міндеттеледі.

4) Кәсіпорының ЖШС "Стандарт ЛК" мен түзілген №020140003566/220025/00 2022-03-02 келісім шартының соммасы 50 000 теңгеге «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды.

Аталған келісім шарт Мемлекеттік сатып алу заңының Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3- тармағында (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.

Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортады жүргізілуге міндеттеледі.

Жұмыс тобының мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сраилов Ж.С.



Кәсіподақ ұйымының төрағасы: Қалдыбаев М.Ж.

Кадрлар бөлімінің меңгерушісі: Боранбаева С.А.



Колледж психологы – Амирова М.Е.



«Саналы ұрпақ» кеңселік жобаның жетекшісі – Махметжан Н.Ж..

